



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№122  
(20596)



15 тамыз, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy.kz/



www.instagram.com/syrboiy\_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ

### ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанның ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күніне орай Премьер-министр Шахбаз Шарифке ізгі тілегін жеткізді.

Жеделхатта Пәкістан тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап өзінің мемлекеттілігі мен егемендігін нығайту ісінде зор жетістік жеткені атап өтілген. Президент Астана мен Исламабад арасындағы қарым-қатынастың достық сипатта екеніне назар аударып, екі ел халықтарының игілігі үшін екіжақты байланысты одан әрі дамыта түсуге дайын екенін білдірді.

### ҚАРЖЫ АЙ СОҢЫНА ДЕЙІН АУДАРЫЛАДЫ

Биыл тамыз айының соңына дейін 460 мыңға жуық оқушыны мектеп формасымен, кеңсе заттарымен қамтамасыз ету бағытында отбасыларға көмек беріледі.

«Жыл сайын Үкімет Қаулысына сәйкес, жергілікті бюджет қаражаты есебінен аз қамтылған отбасылардағы оқушылар мектеп формасы және кеңсе тауарларымен қамтамасыз етіледі. 2022 жылдан бастап бұл материалдық көмек ата-аналардың карта-шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, бұл тәсіл әр балаға көмек көрсету қаражатының көлемін реттеді (ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес, 2023 жылы – 40 567 теңге)», – делінген Оқу-ағарту министрлігінің сайтында.

Жергілікті атқарушы органдардың ұсынған ақпаратына сәйкес, биыл жалпыға бірдей білім беру қоры 65 млрд теңгеден астам соманы құрады. Оның ішінде киіммен, аяқ-киіммен және кеңсе заттарымен қамтамасыз етуге 18 млрд теңге бөлінген.

### ЖАЗДА ҚАР ЖАУДЫ

Шығыс Қазақстан облысы Катон-Қарағай ауданындағы Алтай тауының ең биік нүктесі Мұзтау шыңына қар түскен. Бұл туралы сол жердегі «Altau-pro» альпинистік лагерінен мәлім етті.

– Шығыс Қазақстандағы Мұзтау шыңына алғашқы қар жауды. Кейінгі 10 жылда қардың осыншама ерте жаууы алғаш рет. Бірақ қар тез еріп кетті, – дейді «Көккөл» сарқырамасының маңында орналасқан туристік лагер жетекшісі, альпинист Вячеслав Орлов.

Оның айтуынша, бұл күні түнде су қатқан жоқ, ал төмендегі Берел қорғандары аймағында күн ашық және жылы болды.

«СБ» ақпарат



## НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

# ҚҰРЫЛЫС ПЕН ӨНДІРІС ҚҰАТЫ

Жексенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылыс қарқын алған бірқатар нысанды аралап көрді. Алдымен «Қорқыт ата» әуежайы терминалындағы жұмыс барысымен танысып деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызыметі.

Жерлесіміз, меценат Болат Өтемұратовтың қоры өңірде халықаралық стандарттарға сай заманауи терминал салуға ниет білдіргені белгілі. Қазіргі әуежай жылына 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін 220 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаяды. Құны 33 миллион долларды, алаңы 7500 шаршы метрді құрайтын әуежайда телескопиялық трап екі қабатты болады. Жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифтітер қарастырылмақ. Жылдам әрі жайлы қызмет көрсету, өзін-өзі тіркеу бағандары, жүкті беруді өңдейтін автоматтандырылған жүйемен жабдықталады. Ал жергілікті әкімдік нысанға инфрақұрылым жүргізуде. Терминал құрылысы 2024 жылы аяқталмақ.

Әуежай – өңірдің негізгі әуе қапасы, сондықтан заманауи сипатқа ие болуы қажет. Бұл ретте әуежай басшысына қор өкілдерімен бірлесіп, терминал құрылысына қажетті жұмысты үйлестіру, уақытылы аяқтау тапсырылды.

«Қызылорда» су торабындағы жөндеу жұмыстары 2020 жылдан бері жүргізілуде. Мердігер «Casprin Contractors Trust» ЖШС жөндеу жұмыстарын биыл желтоқсан айында аяқтайды деп жоспарланған. Су торабында 16 метрлік бес аралық бар, олар қақпалармен және апаттық-жөндеу



шандорларымен жабылған.

Мұнан әрі облыс әкімі Бейбарыс Сұлтан көшесіндегі «Неке сарайының» құрылыс жұмысын көрді. Жалпы аумағы 2 мың шаршы метрден асатын зәулім ғимараттың құрылысы бытыр қыркүйек айында басталған.

Облыс әкімі жақын күндері ашылған тұрғын үй құрылыс комбинатының жұмысымен де танысты. Комбинат еден, жол плитасы, іргетас блоктары, маңдайша, таспалы іргетас, баспадақ сияқты өнімдер шығарады. Жаңа зауыт сағатна 80 текше метр тауарлы бетон және күніне 120 текше метр темір-бетон бұйымдарын өндіре алады. Кәсіпорында 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

Аймақ басшысы болған тағы бір нысан «Анаға тағзым» орталығы жақын арада халық игілігіне табысталамақ. Ғимарат белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен 1,5

млрд теңгеге салынууда. Бұл орталықта қыз-келіншектерге, жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтар дәріптеліп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер жаңғыртылады. Келушілерге сан мен сымбат, үй тұрмысы, қонақ күтуді үйрететін, жан-жақты психологиялық көмек беретін кабинеттер болады. Мұнан бөлек, ғимаратта шығармашыл жандарға арналған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы, жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері орналасады.

Аймақ басшысы Абай даңғылы №47 «а», «б», «в», 51, 51 «а» тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру жұмыстарын да назарға алды. Маусым айынан бері демеушілердің қолдауымен 1 млрд 100 млн теңгеге облыс орталығындағы 50 үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталуда. Оған қоса демеушілер 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулаларын абаттандыруда. За-



Суретті түсірген Б.ЕСКАНОВ

манауи спорт алаңдары, тротуарлар, жарық бағаналары жанартылууда.

Жексенбіде сондай-ақ облыс әкімі Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицей жанында салынған қосымша ғимарат құрылысын көрді. 600 орындық мектепте қазір 2275 бала білім алады. Сондықтан білім ордасын кеңейту мәселесі күн тәртібіне енгізіліп, қараша айында 375 орындық қосымша ғимараттың құрылысы басталған еді.

– Оқушы саны көп білім ошақтарының мәселесін тағы бір мектеп салып шешкеннен гөрі, қасына осындай қосымша ғимараттар салған тиімді. Қазір қала орталығында бос жер жоқ болғандықтан, жаңа мектеп шет жаққа түседі. Оған балаларын қатынату ата-аналарға қиын. Балалардың өз үйіне жақын, үйренген мектебінде оқығаны екі жаққа да қолайлы, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, жаңа оқу жылына қарай мектептің қосымша ғимараты оқушыларды қабылдауға дайын болады.

Осындай қосымша ғимараттар №3, №264 мектеп-лицейлері мен Абай мектебінің жанынан бой көтеруде.

Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Сыр өңірінде құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектеп салынады.

Облыс әкімі жылына 33 мың тоннадан астам өнім өңдей алатын «Мағжан және К» ЖШС-ның күріш зауытында болды. Кәсіпорын заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған және бірінші автоматтандырылған. Н.Нәлібаев ішкі нарыққа және шінара экспортқа жіберілетін йодталған техникалық және ас тұзын өндіретін «Ассоль» зауытында да болды. 2021 жылы компания өнімдер мен қызметтердің сапасы бойынша ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алған.

## АТАҚОНЫС

# ТАРЫ ТҮЙГЕН АУЫЛ

Шиелідегі «Ортақшыл» ауылының тарихы тым өріде. 1928 жылы ұжымдастыру науқанымен «Тегісшіл» елді мекені құрылады. Бір жылдан соң қайта «Ортақшыл» атанып, елуінші жылдары Сталин есімі де таңылған. Ал 1960 жылы Сырдария өзенінің арғы бетіндегі «Қызылқайың» совхозымен біріктірілген. Атауы тағы өзгеріп, «Сырдария» болып құрылған соң орталығы «Желек» ауылы болды.

СБ Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

Қанша жерден аты өзгергенмен, бұл елдің ау бастағы тұрмысы мен тіршілігі – төрт түлік өсіру, егін егу. 2005 жылдан бастап өз алдына округ болған ауыл құрамына қазір «Ортақшыл» мен «Қызылқайың» елді мекендері кіреді. 270-тен астам шаңырақ бар. Аудан орталығы – Шиелі де алыс емес. Бар-жоғы 30 шақырымдай.

– Ауылдағылардың негізгі күнкөрісі – егін мен мал шаруашылығы, – деді бізбен тілдескен ауылдық әкімдіктің жетекші маманы Нұршат Бағдатұлы. – Соның ішінде облыс бойынша тарыны ең көп егетін де біздің ауыл. Биыл 140 гектар жерге осы дақыл егілді. Жай ғана егіп қоймай, оны сөк пен талқан етіп өңдейтін екі цех бар. Жалпы ауыл бойынша 350 гектарға жуық жерге егін ексек, оның көбі тары мен бақша. Картоп пен көкөністі де өсіргендер жетерлік. Сондай-ақ, ірі қара бағып, өз шаруа қожалығын жандандырып отырған азаматтар да жоқ емес.

Нұршаттың айтуынша, ауылдық округте көліктерге сервистік қызмет көрсету орталығы, монша, азық-түлік дүкендері, ұстахана және шаштараз жұмыс істеп тұр. Бұл – кәсіпкерлікке ден қойғандар көбейген деген сөз.

Шынымен ауылдан мемлекеттік бағдарлама көмегімен кәсібін ашқандарды көзбен көрдік. Жергілікті тұрғын Қылышбек Айтбай өз жобасы арқылы қайтарымсыз қаржы алып, тұрғын үйлердің сыртқы қасбетін әрлейтін құрылыс заттарын шығарып жүр. Бес адамды жұмысқа алған. Өз үйінің ауласынан цех ашып, түрлі түске боялған жабынды панельдер құйып дайындайтын жігіттің өніміне сұраныс жоғары. Ауылдан бөлек, аудан тұрғындары да тапсырыс береді.

Ал жоғарыда айтқандай, тары өсіруден

алда тұрған ауылда сол дақылды өңдейтін цехты көруге арнайы бұрылғанбыз. Алғашында қайтарымсыз грант ұтып, кейіннен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік



бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие алған Калима апай тұрғындарға монша ашып, сөк пен талқан шығаратын шағын цехын іске қосқан.

– Бұл ауылдың басты кәсібі – тары өсіру. Біз де отбасымызбен 1 гектар жерге тары егеміз. 2016 жылы қайтарымсыз грант ұтып, тары өңдейтін шағын цех ашқанбыз. Кейін өз қаражатымызбен оны үлкейтіп, жабдықтарын ауыстырдық, жаңадан құрылғылар алдық. Өзімізден бөлек, келісілген бағада осы елдегі тары еккендердің сөгін түйіп, талқанын тартып береміз. Дөні толыққанды болса, бір қап қуырылған тарыдан 36-40 келіге дейін сөк аламыз. Ал осы салмақтағы сөкті талқан етіп тартсақ та сол салмақ жоғалмайды. Сондай-ақ екі жыл бұрын ауылдастарға арналған қоғамдық монша салдық. Жолдасым Әбдікәрім Дүйсебек екеуміз осылай тіршілік етудеміз, – дейді Калима Жұматай.

Мұндағы ағайынның айтуынша, жердің құнарлына қарай гектарына бірнеше қап тары алуға болады. Суы қанық, жері тың болса, гектарына 80-90 қап өнім жиясыз. Айта кетсек, бүгінде «Ортақшылдың» сөгі мен талқаны біздің аймақ қана емес, өзге облыстарда сатылып жүр.

2-бет

## ЖАУАПТЫ МАУСЫМ

# ШИРАТАТЫН ШАРУА КӨП

Күрең күз де кіріп келе жатыр. Аптап ыстықтың алтығы сәл басылғандай. Жақында қапырық ауамен, қытымыр қысында ызғармен арпалысатын Сыр өңірі үшін жылу маусымына дайындық аса маңызды. Суық пен салқын қос бүйірден қысқан кезде жылу құбырлары мен қазандықтар иіре соққан дауылға қамал қақпаныңдай төтеп беруі қажет. Ол жұмыстар елден қолға алынып, өңірде қызу жұмыстар атқарылууда.

СБ Айдар САЙЛАУОВ,  
«Сыр бойы»

Облыс бойынша алдағы жылу беру маусымында қызмет ететін кәсіпорындар мен әлеуметтік сала нысандарының дайындығы бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Мәселен, биыл «Қызылордажылуэлектротрельгыны» 2 дана газтурбиналық қондырғысы мен КУВ-30 су қазандығын күрделі жөндеуге қажетті қаржы игерілуде. Оған 1,5 млрд теңге қаржының 1 млрд теңгесі облыстық бюджеттен бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 9 бу қазандығы мен 1 бу турбинасына және 18 автономды қазандықтарға жөндеу жұмыстары жоспарланып, жұмыс 76 пайызға орындалған.

2-бет







ПРЕЗИДЕНТ ПІКІРІНЕ ҮНДЕСТІК

# «АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕНІ МЕҢЗЕЙДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жылғы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзіндегі жаңа бастамалардың ел дамуындағы өзектілігі өте жоғары. Қоғамдық диалогты бекітуге бағытталған ұсыныстарда «Адал азамат» идеясы туралы айтылады. Мемлекет басшысы ұсынған жаңа қоғамдық әдеп бірлік пен тұрақтылық, әділдік пен ынтымақтастық, заң мен тәртіп, сенім мен жауапкершілік сынды құндылықтармен ұштасқан. Барлық құндылықтардың отан-сүйіштігі, адамгершілік, білім салтанаты, кәсіпқойлық, үнемшілдік, еңбекқорлықпен байланыстылығы негізделді. Бұл көзқарас баянды болашақ құру және тұрақты даму үшін біртұтас, жауапты қоғам қалыптастыруды көздейді.

Жаңа инновациялық құндылықтарға негізделген қоғамдық әдепті дамыту жеке адамдардың, қауымдастықтардың және саяси институттардың ұжымдық күш-жігерін талап етеді. Осы қағидаларды белгілейтін саясатты жүзеге асыратын білім беру мен қоғамдық талқылау арқылы этикалық мінез-құлық қалыптасады. Дегенмен, жаңа қоғамдық әдепті қалыптастыру өзгермелі жағдайлықтар мен динамикаға бейімделуді талап ететін күрделі және үздіксіз процесс екенін мойындау қажет. Сонымен қатар, ашық диалог түрлі көзқарастардың тыңдалуын және ескерілуін қамтамасыз ету үшін процестің ажырамас бөлігі болуы керек.

Мемлекет басшысы жаңа құндылықтарды орнықтыратын 8 бағытқа тоқталды. Мемлекеттік нышандарды жетілдіру – маңызды қадам. Мемлекеттік нышандардың тарихи және мәдени мөні бар және оларды жетілдіру халықтың өзгермелі заманауи бейімделуін қамтамасыз ете отырып бірлік пен бірегейлік сезімін қалыптастырады. Мемлекеттік нышандар дәстүр мен қазіргі заман арасындағы тепе-теңдікті ұштастырады. Сонымен қатар, азаматтарға өз елінің тарихын, болмысын түсінуге көмектесуде тәрбиелік рөл атқарады. Сайып келгенде, мемлекеттік нышандарды жетілдіру үдерісі ойластырылған және ұлттық тарих пен мәдени алуандылықты құрметтеуге тиіс.

Ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың көптеген артықшылықтары бар. Бұл жаңғырту елдің өз азаматтары арасында сабақтастық, мақтаншыл және ортақ мұра сезімін қамтамасыз етеді. Қуатты тарихи сана-сезім заманауи азаматтарды ата-бабаларымен, ұлтының тамырын байланыстырады. Бұл сабақтастық қоғамның уақыт өте келе қалай дамығанын түсінуге көмектеседі. Тарихи сана-сезім ұлттың ұжымдық жалдысын сақтайды. Ұжымдық жалды маңызды оқиғалар мен тәжірибелердің есте сақталуын, олардан сабақ алуын қамтамасыз етеді және табыстардың қайталануын ынтылдандырады. Өткенді зерделеу арқылы азаматтар өз ұлттың қалыптастырған этикалық және моральдық негіздер туралы түсінік ала алады. Ұлттың тарихи сана-сезімі ортақ тарих пен мұра арқылы басқа халықтармен өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа жәрдемдесетін мәдени дипломатияның негізі болып табылады.

Мәдени мұраны жан-жақты дәріптеу

қатысу – ұлттың өзіндік ерекшелігін байытатын, оның сан алуан дәстүрлерін түсіну, мәдени және экономикалық дамуына ықпал ететін құнды әрекет. Бұл мақсатқа жетудің бірнеше негізгі жолдары бар: мәдени хабардарлық және білім; қоғамдық іс-шаралар мен фестивальдер ұйымдастыру; мұражайлар мен мәдени мұра нысандарын дамыту; сандық платформаларды тиімді пайдалану; мәдени алмасу бағдарламаларын қалыптастыру; мәдени туризмге мән беру; мәдени дипломатияны іргелендіру және ғылыми зерттеулер жүргізу.

Өскеген ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағының шешілуіне байланысты өмірлік маңызды міндет екені сөзсіз. Өскеген ұрпақ тәрбиесінің маңызды болуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, тәрбие алдыңғы ұрпақ жинақтаған білім, құндылықтар мен даналықтың келесі ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. Бұл мәдени бірегейлік пен сабақтастықты сақтауға көмектеседі. Екіншіден, тәрбие сыни тұрғыдан ойлау мен мәселелерді шешу дағдыларын дамытады, өскеген ұрпаққа ахуалдарды талдауға, негізделген шешім қабылдауға және қоғамның алға жылжуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Тәрбие арқылы өскеген ұрпақ қазіргі өзара байланысты әлемге қажет жаһандық мәселелер, мәдени алуандылық және халықаралық қатынастар туралы түсінік алады. Үшіншіден, тәрбиелі ұрпақ инновациялар мен прогреске көбірек ұмтылады. Өйткені олардың жаңа технологиялар, идеялар және шешімдерді әзірлеу үшін білімі мен құралдары бар. Төртіншіден, тәрбие әлеуметтік сана мен қоғамның игілігі үшін жауапкершілік сезімін дамытады, белсенді азаматтық пен саяси қатысуыды ынтылдандырады. Өскеген ұрпақты тәрбиелеуге басымдық берген қоғам әлемді жақсарту жолында белсенді және жауапты қатысушылар болуға мүмкіндік бере алады.

Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру және креативті индустрияны дамыту – ұлттың мәдени, әлеуметтік және экономикалық дамуының маңызды стратегиялары. Ақпарат саясатының тиімділігі ашықтық пен қолжетімділік, медиасуаттылық, қоғаммен байланыс, дағдарыстық коммуникация, фактілерді тексеру, өзостандығы және цифрлық инфрақұрылыммен байланысты. Ал креативті индустрияны дамытуға саяси қолдау, білім мен оқыту, мәдени мұраны сақтау, жаңа медиа мен ынтымақтастық, зияткерлік меншікті қорғау секілді т.б. әрекеттер ықпал жасайды деп ойлаймыз. Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру және креативті индустрияны дамыту мемлекеттік, жеке сектордың мүдделі тараптары, білім беру мекемелері мен шығармашылық мамандар арасындағы ынтымақтастықты қамтитын стратегиялық және тұтас көзқарасты талап етеді. Бұл күш-жігер жанданған мәдени ландшафт, экономикалық өсім және тұтастай алғанда қоғамның рухани дамуына әкеледі.

Саналы шешімдер қабылдау, тиімді басқару және саясатты табысты жүзеге асыру үшін мемлекеттік саясатқа жоғары сапалы сараптамалық және аналитикалық қолдау көрсету қажет. Жақсы ақпараттандырылған саясаткерлер күрделі мәселелерді шешу

және оң нәтижелерге қол жеткізуде қиындықтарға тап болуы ықтимал. Сараптамалық талдау саясаткерлерге өз шешімдерін негіздейтін сенімді ақпарат береді. Аналитикалық деректер ресурстарды тиімсіз пайдалану қаупін азайту арқылы саяси бағдарларды әзірлеу мен іске асыруда оңтайландыруға көмектеседі. Сапалы сараптамалық талдау саяси шешімдердің болашаққа бағытталғанын және ықтимал салдардың ескерілуін қамтиды. Бұл – азаматтар мен жалпы қоғамға пайда әкелетін мемлекеттік саясаттың тиімділігі мен тұрақтылығына инвестиция.

Шекаралас аймақтарды дамыту – расында да, көптеген елдер үшін стратегиялық маңызды мәселе. Бұл бағыт мұқият жоспарлау мен іске асыруды қажет ететін ерекше қиындықтар мен мүмкіндіктерді қамтиды. Шекаралас аймақтарды дамытуда мынадай бірнеше мәселелерге мән беру қажет деп ойлаймыз: инфрақұрылым мен сауда-экономикалық аймақтарды дамыту; трансшекаралық сауда мен трансшекаралық ынтымақтастықты оңтайландыру; ауыл шаруашылығын дамыту; туристік әлеует көрсеткіші; қоршаған ортаны қорғау; қауымдастық мүмкіндіктерін кеңейту; мәдени алмасу; денсаулық және білімге мән беру; қауіпсіздік мәселелері; инвестициялық ынтылдандырулар; инфрақұрылымдық байланыс және инновацияларға негізделген зерттеулер жүргізу.

Мемлекеттік аппарат пен шенеуніктердің жұмысына сын-пікірлер жиі кездеседі және ол түрлі себептерден туындайды. Бұл көбінесе ашықтық, тиімділік, есеп беру және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелерімен байланысты. Билік іс-әрекеттері мен шешімдер қабылдауындағы ашықтықтың болмауы сыбайлас жемқорлыққа күдік туғыруы мүмкін. Еліміздегі ашық деректер бастамалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар және халықты қорғауға бағытталған заңдар – ашықтықты арттыру шараларының бірі. Қоғам мүшелері арасында шенеуніктер өз әрекеттеріне жауап бермейді деп есептеле, бұл халықтың сеніміне нұқсан келтіреді. Сондықтан лауазымды тұлғаларды қабылдаған шешімдері мен әрекеттері үшін жауапкершілікке тарту тетіктерін күшейту қажет. Күрделі бюрократиялық процестер мен қағазбастылық азаматтарды тітіркендіреді және дұрыс басқаруға кедергі келтіреді. Тиімділікті арттыру үшін әкімшілік процедуралар, ережелерді жеңілдетіп, цифрлық қызметтерге инвестицияны арттыру маңызды.

Біздің ойымызша, Мемлекет басшысы негіздеген 8 бағыт – жаңа инновациялық құндылықтарға негізделген «Адал азамат» идеясының тірегі. Бұл бағыттарды жүзеге асыру халық пен билік арасындағы ынтымақтастықпен тығыз байланысты.

**Ботагөз ПАРИДИНОВА,**  
философия магистрі,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университеті  
философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

# ШИРАТАТЫН ШАРУА КӨП

## ЖЫЛУ ЖЕЛІПЕРІН ЖАҢҒЫРТУ ЖОБАЛАРЫ

Облыс бойынша жылу желілерінің ұзындығы 208 шақырым. Биыл жылу желілеріне техникалық тексеру жүргізіліп, нәтижесінде желілердің тозу көрсеткіші



47,5 пайызды құрайтыны анықталған. 2023 жылы 8,9 шақырым жылу желілерін жаңғыртуға республикалық бюджеттен 8 жобаға 8,2 млрд теңге бөлінген. Тарқатып айтар болсақ, 6 жоба нысаналы трансфертпен 7,5 млрд теңгеге, 2 жоба бюджеттік несие есебінен 922 млн теңгеге жасалмақ.

Қазіргі таңда, бөлінген 8,2 млрд теңгенің 2,3 млрд теңгесі игеріліп, жоспарланған 8,9 шақырым жылу желілерінің 1,8 шақырымы немесе 27 пайызы ауыстырылған.

Атап айтқанда, 7 жобаның құрылыс жұмыстары басталып, 1 жоба мемлекеттік сатып алу қорытындысына шағым түсуіне байланысты сот үйғарымымен тоқтатылған.

Оған қоса, кредит есебінен 2 жоба бар. Абай даңғылынан бастап, Мұратбаев көшесіндегі тұрғын үйлердің кварталаралық жылу желісі және «Сәулет» мөлтек ауданындағы тұрғын үйлердің кварталаралық жылу желісі жанаура.

Осы жұмыстар толықтай аяқталу нәтижесінде тозу көрсеткіші 2,9 пайызға төмендейді.

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ДА НАЗАРДА

Облыста 1067 әлеуметтік нысан бар, оның ішінде 532 білім беру, 247 денсаулық сақтау, 288 мәдениет және спорт ғимараты бар. Білім беру нысандарының жылу беру маусымына дайындықтары – 91, денсаулық сақтау – 71, мәдениет және спорт 80 пайыз. Ал көпқабатты тұрғын үйлердің дайындығы 91%-ды құрап отыр.

1-бет

Биыл жалпы 20 әлеуметтік нысан қазандықтарын жаңғырту жұмыстары жоспарланған. Оның ішінде 12 білім (11 нысан қазандықтары сыртқа шығарылған), 5 денсаулық сақтау, 3 спорт нысанының қазандықтары жаңғыртуды қажет етеді.

Бұл мақсатқа «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 291 млн теңге (8 жоба) және облыстық бюджеттен 97 млн теңге (12 жоба) бөлінген. Осы жобаларды толық аяқтауға 619,5 млн теңге қажет екен. Қазіргі таңда осы жобалардың 10-ы ғана басталып, қалған жобалар бойынша конкурс рәсімі жүргізілуде.

## КӨМІР КӨҢІЛДЕ, ОТЫН ОЙДА

Халықтың көңілін бірлеу үшін алдағы жылу беру маусымына облыс бойынша барлығы 238 мың тонна көмір қажет. Оның ішінде ел үшін 205 мың тонна, әлеуметтік нысандар үшін 33 мың тонна қара отын керек.

Бүгінде облысқа 44 мың тонна ғана жеткізіліпті. Бағасы 16,7-21,5 мың теңгеден. Облыс көлемінде 41 өңірлік операторлар (8 ЖШС мен 32 жеке кәсіпкер) мен 11 көмір қоймасы бар.

«Қызылорда жылу электростанциясы» әлеуметтік нысандарға 17,1 мың тонна дизель отыны қажет, бүгінде 2,8 мың тонна жеткізілген. Ал отын қоры бойынша да қам жасалау. «Қызылорда жылу электростанциясы» негізгі отын түрі – газ. Резервтік – мазут. 2023-2024 жылы жылу беру маусымына нормативтік эксплуатациялық мазут отынның қоры 4235 тонна болып бекітілген.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»

# ЖОБА ЖӘНЕ МҮМКІНДІК



Биыл ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыруға облысқа 3 млрд теңге қаржы бөлінді. Қазір бағдарламаға құжат қабылдау жүргізілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының білім басшысы Гүлмира Исабергенова айтты.

**Актілек БІТІМБАЙ,**  
«Сыр бойы»

– Жалпы бағдарлама 5 бағыт бойынша қаржыландырылады. Оның ішінде басымдық өңдеу, кооперативтерді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін етін және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге беріледі. Тұрғындарға берілетін микрокредиттер – 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін несие беріледі. Бүгінде дейін сенім білдірген өкіл ретінде «Байқоңыр» ӘКК» АҚ анықталып, бөлінген қаржы толығымен аударылды. Соны-

мен қатар, бағдарламаға құжат қабылдау шарттары барынша жеңілдетілді. Қазіргі таңда 240 жобаның құжаттары қабылданып, несие комитетіне ұсынылды. Мақұлданған жобалар кепілге ұсынылатын мүліктерді тәуелсіз бағалау ұйымдарынан өткеннен кейін несиедендіру бойынша төлемдер жүргізілетін болады, – деді ол.

«Ауыл аманаты» жобасын іске асыру үшін «Байқоңыр» ӘКК» АҚ жанынан 20 штаттық бірліктен тұратын арнайы

департамент құрылды. Осыған сәйкес, 15 тамыз күні тұрғындардан келіп түскен несие өтінімдерін қарау мақсатында арнайы комиссия отырысы өткізілетін болады.

– Комиссияда 120-дан астам жоба ұсынылып, қаржыландырудың он шешімі қабылданғаннан кейін тексерілетін болады. Сондай-ақ тәуелсіз бағалау туралы есептері сұралып, мүліктері кепілге тіркелген соң, қаржыландыру жұмыстары жасалады. Бүгінде біздің жауапты мамандар барлық аудандарда ұсынылған жобаларды және несие алу үшін кепілге қойылатын мүліктер мен кәсіпті жүргізу орындарын тексереді. Атап айтқандықтан, кепілге күйдірілген қыштан салынған мүліктерді 1990 жылдан, қамқасектен соғылған мүлікті 2000 жылдан, көпқабатты тұрғын үйді 1980 жылдан бастап қабылдауға шешім шықты, – деді «Байқоңыр» ӘКК басқармасы төрағасының орынбасары Мәдәлі Әлішерұлы.

Ескеретін жайт, несие алушыларға бірқатар талаптар қойылады. Несие алушының жеке кәсіпкер болып тіркелуі тиіс. Басқа да несиелер болмайынша мерзімі өткен жарнаның болмауы, мемлекеттік кірістер органдары алдында берешектің болмауы, несие алушының жасы зейнеткерлік жаспан аспауы тиіс, несиені кепілмен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын жүргізу үшін қажетті жағдайлардың болуы жіті қадағаланады.

# ТАРЫ ТҮЙГЕН АУЫЛ



қатар, қан қысымын реттеуге, асқаған жұмысын жақсартуға септігін тигізетін көрінеді. Бауырға пайдалы, денеге артық тұзды да шығаратынын бар.

Ал біз ауылды аралай жүріп, тарыдан бөлек, «Ортақшылда» өз бетінше еңбек етіп, тіршілігін түзген жігіттерді де кездестірдік. Атап айтсақ, осындағы Руслан және Бағлан Жүзімовтер жұрт сұранысына қарай үй жанынан қамқасек басуда. Олар бір аптада екі үйге кететін 60 мың кесекті дайындап береді. Ағайындылар өздерімен қоса, ауылдағы 15 жігітті ұйымдастырып, екі ауысыммен маусымдық жұмысты үйлестіріп жүр. Ал кепкен кесекті «Ортақшылдан» бөлек, Шиелі кентінде тұратындар да сатып алады екен.

Иә, ауыл тұрмысы жаман емес. Инфрақұрылым жағы толық шешілмесе де күйі кетіп тұрған көше көрмеді. Кейінгі жылдары бұл салаға қолдау көп. Мысалы, Нұрмахан Бәйімбетов, Амангелді Иманов, Кәрібай Ерұбаев, Сыздық Тілеубаев

– Жерге дәнді қалай септің, сол күннен бастап 90 күн уақыт өту керек. Үш айдан соң ғана тарыға орақ салуға болады. Қол орақпен орау керек, өйткені, піскен тары өзге дақылдай емес, қауызынан төгілуге дайын тұрады. Ала жаз бойы алты рет суарып, құстан қорып, өлден қырманға бастырғанша бейнеті көп қой. Бірақ, осы тарының сөгі мен талқаны адамға ерекше құш-қуат береді. Дәрумен көп мұнда. Қазір менің жасым 78-ге таяды. Бала күннен өкешемізге көмектесіп, тары мен бақша ектік. Сол кәсіпті өлі жалғастырып келеміз. Ілгері уақытта көптеп егуші едік. Жасымыз келген соң азайттық. Биыл бір ректар жерге ғана тары ектім, – дейді ортақшылдық қария Қарсыбай Сағындықов.

Ақсақал айтқандай, тарының денсаулыққа пайдасын ғалымдар өлкедегі дәлелденген. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деген сөз бар. Ағзаға тоқтықпен

1-бет



Шиелі ауданы







ҚҰРМАНҒАЛИ АЖАРОВ – 100

# Майдангер қаламгер

Майдангер Құрманғали ағамен жиырма жылдай бірге қызметтес болдық. Дос-жарандары көп болатын. Орман, Нұрділда, Нұғыман, Еранияз дармен жиі сырласатын. Күрекең кейде өткен өмірінен жиі әңгіме айтып отыратын. Майдан даласында бір бозбегіге оқ тиіп, шырқыраған құлын туралы әңгіме айтқанда төбе шашымыз тікелей, қоса күйзелетінбіз. Қайран аға сол бозбегі туралы бір естелігін газетке жариялағанын оқып, риза болғанымыз бар.

– Мен соғыстан 1946 жылы оралдым. Бір жыл Тереңөзектің «Еңбек туында» еңбек еттім. Ақын Аскардың, інісі Әлішердің тәрбиесін көрдім. Қазіргі Асқар ауылында жастық шақ өтті. Бір жамбастың қуық тұсынан тесіп өткен оқтын зардабын әлі тартумен келемін. Кеш үйлендік. Балаларды оқыту керек болды. Жетпістен асқанша еңбек етіп жүргеніміз содан, қарағым. Мына атаң, Бөлекбайлар нағыз майданның от-жалынын көрген құрыш екенін ұмытпаңдар, – деп жиі күрсінетін.

– Бір естелік айтайын, кейін біз дүниеден өткенде жазарсыңдар. – Айтыңыз, айтыңыз, Қүреке? – дедім. – Мен әуелде заңгер болуды армандағанмын. Содан Алматының Заң институтының екінші курсына оқуға қабылдандым. Бірақ ағамның «Халық жауы» болып ұсталып кеткен. Сол жайында біреулердің арызы маған соққы болып тиісі. Соғыса аттанып, аман қалдым. Әйтпесе, бүгінгі жарық бұйырмаған болар еді. Майданнан оралған кіші лейтенант Құрманғали Ажаров бесаспап журна-

лист болды. Әсіресе, ауылшаруашылық тақырыбын терең білетін. Жақаешілдер қозғалысын, ауыспалы егіс, мал шаруашылығы, жайылым, малды асылдандыру жайында жазған талай дүниелері оқырманның ықыласын тудырды. Оқта-текте фельетон жазатыны бар-ды. Әлі есімде, Шиелден жазған «Келтекті келін» атты фельетоны оқырмандар хаттарын тасқындатқаны сонша обкомның бюросында арнайы мәселе болып қаралғаны бар.

Қадірменді аға кезінде талай құрметке бөленді. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атанды. Омырауы орден-медалдарға толы еді. Жаны жайсаң, мейірім-шапағаты мол аға көп жыл редакцияда партия ұйымының хатшысы болды. Мариям Қарақонақова, Рысты Бекбергенова, Дархан Сапаров, Әбдіхан Айдаров, Ақберген Ержанов сынды журналистердің ақылшы-ұстазы еді. Уақыт шіркін, қандай жүйрік?! Майдангер ағаның дүниеден өткеніне жиырма бес жылдан асты. Ұл-қыздары ер жетіп, немере-шөберелері отау құрды. Қызылорданың ортасында Құрманғали Ажаров атында үлкен көше бар. Міне, өшпеген деген осы. Майдангер, қарымды қаламгер-журналист Құрманғали Ажаров өнер елдің өсер ұрпағы тұрғанда, өрине ұмытылмайды. Быыл туғанына 100 жыл толып отырған жаны жайсаң ағаның асыл бейнесі әлі көз алдымызда тұрғандай елестейді.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, ардагер, Қазақстанның құрметті журналисі



Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына 78 жыл өтсе де бұл тақырып әлі күнге дейін халықтың назарынан тыс қалып көрген жоқ. Соғыс ардагері, бүкіл саналы ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған ардақты педагог Тоқшылық Ахметов 1923 жылы Қармақшы ауданының қазіргі Ақтөбе ауылында дүниеге келді. Жетіжылдық мектепті жақсы бітіріп, Қызылорда қаласындағы мұғалімдер даярлау техникумына оқуға түседі.

# Аталар мұрасы – ұрпаққа үлгі

Ел басына күн туған 1941 жылдың жазында әлі 18-ге толмаған жас өрен өзі сұранып майданға аттанды. Алғашында Тоцк қаласында артиллеристер даярлайтын қысқа курста оқиды. Бітірген бойда генерал Честаковтың корпусында 76 миллиметрлік ауыр зеңбірекке оқтаушы болып сұралып ұрысқа кіреді. Отан үшін болған шайқастарда әкемі екі рет ауыр жарақат алған. Біріншісінде оң қолынан снаряд жарықшағы тиіп госпитальға түседі. Емделіп шыққаннан кейін: «Оң қолыммен ауыр снарядтарды көтеріп жүре алмасам да, зеңбірекке көздеуші болайын. Оны тез арада үйреніп алуға қабілетім жетеді» деп арыз береді. Жас коммунистің өтініші ескеріліп, қайтадан өз бөлімшесіне жіберіледі. Ал екінші рет Керчь түбіндегі сұрапыл соғыста аяғы мен жамбасынан ауыр жараланады. Сұм соғыс біреудің жалғызын жалмаса, мыңдаған жанның сағын сындырып, үмітін үзді. Әкемінің көрер жарығы бар екен, елде жанын шүберекке түйіп, «Е, Алла, желбіреген жалғызым жар бола гөр, аман-есен еліне қайтуға жаза гөр» деп, ұйқы көрмей, күндіз-түні дұға етіп отырған әке-шешесінің тілегі қабыл болып, аман қалды.

Алысқан аз болған жоқ жаудың күші. ...Қарысқан қанды майдан зор шайқаста Қазақты талай халық тір деп ұқты. Түрікпен, қырғыз, тәжік, қарақалпақ Бір-бірін тар окопта

– деп, ұлттар арасында қазақ ұлдарының ерлігі ерекше болғандығын айтады. Қазақ батырларының бұл майданда жан аямай қаһармандықпен соғысқандығын жазбаған ақын-жазушы кемде-кем. Әкемінің осы тақырыпта жазған «Майдан шебінде», «Тынық сәт», «Москва. Екінші хат» атты туындылары бар. Мұнда туған еліне деген сағынышы, жеңіске деген сенімі әсерлі жырланады.

Жауынгер Т.Ахметов елге қайтарылады. Келген соң әуелде шаруашылықтарда түрлі жұмыс атқарды. 1944 жылы Қызылорда қаласына келіп, оқуын жалғастырды. Осы жерде болашақ жары Айқұлмен танысыпты. Олар 1946 жылы оқуын бітіріп, шаңырақ көтереді.

Қосағы екеуі бақ пен берекені қонақ қойып тірлігін қанағат тұтып, бақытты өмір сүрді. «Егер ерлі-зайыптылар бір-біріне асқан сүйіспеншілікпен қараса, Алла тағала оларға ерекше мейірім төгеді» деген сөз бар. Жаратқан нәзім ана-анамызға мейірімін төккен деп ойлаймын.

Сол тұста Үкімет қаулысымен сауатсыздықты жою үшін елде ересектерге арналған кешкі мектептер ашылған. Ерлі-зайыпты жас ұстаздар күндіз жас жеткіншектерге, ал кешке ересектерге сабақ бере бастайды. Жары Айқұл ауылдағы қайын ағалары мен абысындаларына дәріс беру оңай болды» деп келуші еді жарықтық. Халықтың ыстық ықыласы мен тілек-батасының арқасында қыздары Сәбира – бастауыш мектеп мұғалімі, Роза – бухгалтерлік есеп және аудит пәнінің оқытушысы; келіндері Раушан – математика, Әзіза – қазақ тілі мен әдебиеті, Рая – физика, Әсем орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болды. Бұл – ұстаз еңбегінің жаңғаны.

Әке-шешем өте қонақжай еді. Жас кезімізде үйге әкемінің достары жиі қонаққа келуші еді. Әсіресе, майдангер-ұстаз, ақын Бисенбай Қасқырбаев пен зайыбы Райхан, ұстаздар Жұманазар Кер-

шев пен Ұрхан, Сәндеш Алашбаев пен Мәрия жеті бас қосып, жарасымды әзіл-қалжыңдарымен отырған жерлерін мерекеге айналдырып жіберуші еді.

Әкемі 1972 жылы туған ауылындағы ұжымдық шаруашылық басшыларының өтініші бойынша есеп жұмысына ауысты. Бұл жұмысты да абайымен атқарып, 1983 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

Ерекше бауырмал жан еді. Ауылымен көршілес «ІІІ Интернационал» ұжымшарын мекен еткен корейлер мен түріктердің арасында да достары көп болатын. Бір-біріне «тамыр» деп сөйлейтін. Қиындықты көп көрген сон ба, олардың әрекеті бүгінгі нарық заманының тіршілігіне ұқсайтын. Олар ерінбей еңбек етіп, мал жинауға, машина ауға тырысатын. Солардың ішінде машина алған танысы міндетті түрде Тоқана көрсетіп, байғазы алуға келетін. Тоқан болса әйеліне қарап: «Айеке, мына «тамыр» ұлты басқа болса да бізді жақын тұтып, қуанышын бөлісуге келіп отыр гой. Қайтарында жұқ салғышына бір қой салып жібермесек болмас» деп отыратын. Осылайша, кенпейілділігі, жоғартығымен еліне сыйлы болатын.

Біреуге қиянат жасағандарға, қанқу сөз айтықандарға жаны қас болатын. «Бір туғалы сыртыңнан пікір айтар болсаң, соңың сол адам жаныңда отырған кезде айта алатындай дәрежеде болсын» деп үйретуші еді балаларын. «Біреудің жетістігін ешқуақтық қызғанды. Себебі жетістік, табыс дегендер адал еңбекпен ғана келеді» деуші еді.

Өзі «басымдағы бақытым, аспандағы жұлдыздарым» деп жырға қосқан ұл-қыздарын оқытуға күш салды. Тұңғышы Құлпариза – ҚазҰУ-дың журналистика факультетін, екінші қызы Сәбира Қызылорда педагогикалық институтын, үлкен ұлы Базарбай – Қазақ химия-технология институтын, Гүлбазар – Ақтөбе медициналық институтын, Роза мен Света – Қарағанды кооперативтік институтын, Барысбек пен Болат – Шымкент мәдениет институты (кейіннен екеуі де заңгерлік ігерді) мамандығы бойынша бітіріп, ел игілігі жолында қызмет етіп жүр.

Құлпариза АХМЕТОВА, майдангердің қызы, зейнеткер

## СОҒЫС ЖАҢҒЫРЫҒЫ

# Орындалған бір арман

Деректерге жүгінсек, Отан соғысына Сыр өңірінен 70 мыңға жуық азамат аттаныпты. Сол алапат соғыста 30 мыңнан астам боздақ шейіт болып, сүйектері жат жерде қалды. Хабар-ошарсыз кеткендері қаншама?!

Айшагүл Күзембаева 1940 жылы қала сыртындағы «Қаратоғай» қыстағында дүниеге келді. Әкесі Әділбек Күзембаев 1941 жылы соғысқа аттанып, хабар-ошарсыз кетті. Артында жары Ақжарқын мен үштен төртке қараған ұлы Бегалы, бірден енді асқан қызы Айшагүл қалды. Жас ана жетімгең балаларымен көрші ауылдағы туған-туысты паналап, таңның атисы, күннің батысы дала жұмысына жегіледі.

Соғыс аяқталып, бейбіт өмір басталады. Айшагүл әкесінің жоқтығы көңілін қатты құлаздытса да өмірдің қиыншылығына төтеп берді. Өзін қайрап өсті. Мектепте өте жақсы оқып, комсомол бригадасымен құрылыста жұмыс істеді. Алматы қаласы С.Киров атындағы мемлекеттік университетінің заң факультетін ойдағыдай бітіріп, жолдамамен Қарағанды прокуратурасында, Қызылорда қалалық прокуратурасы мен облыстық проку-

ратура мекемелерінде аға тергеуші, бөлім басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Құқық саласында өзіне лайықты құрметке бөленді. Өз қолы өз аузына жеткен тұста әкесіне іздеу салуға кіріседі. Хабарсыз кеткен жауынгер жайлы мәлімет сұрату барысында көп кедергіге кезігеді. Ол кезде бір жауынгерді табуға айлап, жылдап уақыт кететін. Әйтеуір не керек, көптен күткен хабар келеді. Онда: «Әділбек Күзембаев 1941 жылдан атқыштар полкінде болған. 1944 жылы кезекті шайқастың бірінде қаза тапқан» деп жазылған. Көп ұзамай, 25 жасында жесір анасы Ақжарқын бейдауа дерттен көз жұмады. Бұл – 1984 жыл болатын.

Ресейдің орталық мұрағатынан табылған деректі Айшагүл 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында облыста шыққан «Боздақтар» кітабына кіргізеді. Жылдар зырып өтіп жатты. Бірақ бұл іздеуші жұмысын тоқтатпады. Бірде үлкен қызы компьютер қарап отырып, ғаламтордан атасының аты-жөнін тауып алады. Онда: «Захоронен в братской могиле Житомирской области на Украине» делінген екен. Дереву военкоматқа барып сұрастырады. Алайда, одан еш нәтиже шықпайды. Сонан соң «Жди меня» бағдарламасына хат жазды. Сол бағдарламаның іздеушілер бөлімі ұрыс даласында қаза болған жауынгердің

жерленген жерін тауып береді. Айшагүлдің қуанышында шек болмайды. Ендігі міндет Украина жеріне барып, әкесі жерленген «Бауырластар зиратынан» еліне бір ұсы топтырақ алып келу, жерленген жеріне туған жерінен бір ұсы топтырақ апарып салу.

Қызы Ләйла мен тілші Әсел Асқарқызын жанына ертіп Украинаның Малиновский ауданы Иосифка селосындағы «Бауырластар зиратына» барды. Қызыл әскер Әділбек Күзембаев 479 атқыштар полкінің басшысы, Совет одағының батыры, аға лейтенант А.Егоровтың қарамағындағы 149 атқыштар дивизиясының құрамындағы 142 жауынгермен бірге 1945 жылы 26 желтоқсан күні сонда жерленген екен. Ондағылар мұны жақсы күтіп алды.

Осылайша А.Күзембаева 81 жасында майдангер әкесінің басына барып, Құран бағыштап, шерін тарқатып қайтты.

Елге келгеннен кейін арманда кеткен боздақтың есімін ұлықтау мақсатында болашақ ұрпаққа өнеге боларлық істерді қолға алған. Бүгінде ол әкесінің тұрғылықты тұрған жері Қызылорда қаласы «Қаратоғай» елді мекенінде Әділбек Күзембаевтың атына көше алу бойынша мекемелерге өтініш беріп, тиісті жұмыстарды қолға алуда.

Гүлдана АСАНОВА

## ОҒАЛТУ РӘСІМІ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылдың 9 тамыздағы ұйғарымымен «Строительная компания Monolit-2022» ЖШС-на (БСН:220840039158) оғалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғаны хабарлайды.

Барлық талап-тілектер экономикалық соттың мекен-жайында қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

## Облыстық экономика және қаржы басқармасының ұжымы Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары Бакенова Қазнагүл Суханқызына жұбайы

Рахметалиев Берекетілеулының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ТАБИҒАТ-ТӘҢІР

# Сүмбіледе мал қонды

Әзербайжан, түркімен және түріктер тамызды тамыз деп атаған. Қазекең сарша, тамыз, сарша-тамыз, кейде сүмбіле деген.

Шортанбай жырау өзінің табиғат пен өмірді салыстырған жырларында: «Сүмбіле туып, күз болмай, Көкорай шалғын оңар ма? Көрлік келсе қайтадан, Жасарып адам толар ма?», – деген жолдар бар. Сүмбіле туса, жаз аяқталып, мал семіреді. Сүмбіледе сорпа майлы, мал қонды. Қазақ халқы Сүмбіле жұлдызы туа бастағандан қысқа қамданып, отын-суын дайындауға кіріседі.

Сүмбіле – бұл жұлдыз. Халық танымында жарқырап, көкжиекке ең жақын тұратын жасылдау жұлдыз Сүмбіле деп аталады. Жоғарыда сөз еткеніміздей, алдымен Сүмбіле айы табиғат сахнасына шығады. Содан кейін барып араға уақыт салып Сүмбіле жұлдызы туады. Бұл қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан сөз. Қазақ арасында бұл жұлдызды суық жұлдыз деп те атайды. Сүмбіле екеу: Лаксүмбіле

(Кішісүмбіле) және Текесүмбіле (Үлкенсүмбіле). Айтушылардың түсіндіруінше, екеуінің туу арасы 10-15 күн. Алдымен Лаксүмбіле туады. Өзі – жылтылдаған, кішірек ақ жұлдыз. Ал Текесүмбіле үлкен. Ол кейінірек туады. Жұлдыздардың бұлай аталуының себебі мынада: жазғытуры тыылған лақ, күз айында қашады, буазданады, жыл аяғында екеу болады. Малдың ерекшелігінде болатын осы белгілерді негізге ала отырып, күз айында туатын кіші жұлдыздың атын Лаксүмбіле деп қоюды ұйғарған малшы қауым Түнде лақ бақырып шықты, Лаксүмбіле туды деп

айтады. Лаксүмбіле жұлдызының тууына қарсы малшылар қозы-лаққа күйек байлай бастайды. Сүмбіленің тууы мен жерге түсуі ерекше белгі деп саналады. Мысалы, түйе бағатын малшылар Сүмбіле тумай, тау етегіне түспейді. Себебі, түйе жылы су ішсе қараөкпе ауруына шалдығады, ал Сүмбіле туса су салқындайды, ол кезде мал өкпе ауруына ұрынбайды. Сүмбіле туған кезде тау етегі салқын тарта бастайды. Осы табиғаттың құбылысын жұлдыз арқылы бақылап отыратын халық өз қамына қарай көш бастайтын болған. Оны мынадай халық

қағидаларынан аңғаруға болады: Сүмбіле туса су суды, кей өңірлерде бидайды үсік шалады. Бұған қоса, Сүмбіле туғанда болатын ерекшеліктердің бірі малдың семіруі. Жаз бойы жайылымда көк шөпке қарық болған төрт түлік, күн салқындай бастағанда түлеп, бойына қуат ала бастайды. Әсіресе, жылқы малы ерекше қуаттанып, семіретін мезгілі – осы Сүмбіле туар шақ. Осыған орай халық арасындағы «Сүмбіле туар жылқыны, ал семіреп күнтілеп» деген мақал-қағида қалыптасқан. **Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ**





## ФУТБОЛ

Қызылордалық «Қайсар» 13 тамызда өз алаңында Шымкенттің «Ордабасы» клубын қабылдады. Премьер-лига командалары арасындағы 19-турды қорытындылаған кездесуде жанкүйерлер қызықты ойын тамашалады.

Әділжан ҮМБЕТ,  
«Сыр бойы»

## «Қайсар» есе жіберді

Билл шымкенттік клуб чемпиондыққа басты үміткер саналады. Сондықтан олар әрбір турда жинақы ойын көрсетіп жүр. Команда құрамына шетелдік және қазақстандық тәжірибелі футболшылар жиналған.

Ойын басталар алдында қызылордалық жанкүйерлер кеңінде «Кездесу нәтижесі қалай болар екен?» деген сауал тұрған еді. Өйткені, оңтүстік өлкедегі екі команданың тартысты кездесуіне «Қайсар» сапынан қорғаушы Әділет Кеңесбек, жартылай қорғаушы Руслан Сақалбаев сынды футболшылардың қатыса алмайтыны белгілі болды. Сол себепті қызылордалық клубтың бас бапкері Виктор Кумыков негізгі құрамға Әліби Тұзақбаев, жартылай қорғаушы Өркен Махан секілді жастарды да қосты.

Алғашқы минуттан командалар тартысты ойын өткізді. Алма-кезек шабуылға ұласқан ойын барысында шымкенттік клуб жылдам гол соғу мүмкіндігін іздеді. Нәтижесінде 13-минутта «Қайсар» қорғаушыларының өрескел қателігін шебер пайдаланған «Ордабасы» футболшысы Сергей Малый көздеген нысанадан мұлт кеткен жоқ.

Бас төреші Рустам Омаров 33-минутта алаң иелері қатарынан қорғаушы Бен Азиз Загреге қарсыласына дөрекілігі үшін қызыл қағаз көрсетті. Осылайша қызылордалық клуб ойынның қалған уақытында он футболшымен жалау мәжбүр болды. Кездесудің 40-минутында «Ордабасы» сапынан Евгений Макаренко есепті үстемелей түсті.

Екінші кезеңде «Қайсар» азулы қарсыласынан қаймықпай, қарсы шабуылдар ұйымдастырды. Осындай сәттердің бірінен төрешілер белгілеген пенальтиден қызылордалық клубтың жартылай қорғаушысы Дмитрий Бородин мұлт кеткен жоқ. Бұдан кейін 71-минутта «Ордабасы» капитаны Асхат Тағыбергенов алыстан тепкен добына «Қайсар» қақпашысы Степан Сикач тосқауыл қоя алған жоқ. Ойынның 74-минутында алаң иелері қатарынан Василий Совпель қорытынды есепті белгіледі.

Осылайша қызылордалық жұмыс қарсыласына 2:3 есебімен жеңіліп, дегенмен турнир кестесіндегі сегізінші орынды сақтап қалды.

Енді жерлеріміз 20 тамызда елордада «Астанамен» шеберлік байқасады.



Ашық деректерден алынды.

Маржан АЯБЕКОВА:

## Шетелге оқуға түсуді жеңілдеткім келеді

Бүгінгі кейіпкеріміз сырбойылық Маржан Аябекова – қазір қазақ балаларын шетелде оқуға дайындайтын Marzhan's Online School жетекшісі. Ол қазақ жастарына шет тілін үйретіп, армандаған оқу орнына түсуге қол ұшын беріп жүр.

– Сұрағымызды өзіңіз ашқан онлайн мектептен бастасақ...

– Мен мектеп бітірген соң Еуропаға оқуға барудың тиімді екенін түсінуге болады. Біз 2019 жылдан бері 4 мыңнан астам студент оқытып, қысқа уақыттың ішінде жүздеген талапкердің арманын орындадық. Тағы бір ескеретін жайт, жалпы біз қазақтілді балаларға ерекше көңіл бөлеміз. Мәселен, бытыр мектебімізге келген оқушылардың 5%-і ірі қаладан болса, қалған 95% талапкер ауыл балалары болды.

– Түсінікті. Бірақ тіл үйренуді көпшілік қиынсынып жатады. Жалпы шет тілін меңгеру соншалықты қиын ба?

– Шын мәнінде адам баласы кез келген нәрсеге қол жеткізе алады. Мысалды өзімнен келтірейін. Қарағанды ауылдан шыққан қыз үшін шет тілдерін сабақ беру бәрімен бірге, оны біліп өрі сөйлеу айтарлықтай арман еді. Осыдан 10 жыл бұрын ағылшын тілін білмеген түгілі, дұрыс оқи алмадым. Бірақ, іштегі арманды оятып, әрекетке айналып, нәтижеге ұластыру үшін намысты қамшылау керек.

– Кеше ғана Джо Диспенсаның кітабын оқыдым. Ол былай дейді: «Адамдарды когнитивті және когнитивті деп екіге бөлеміз. Когнитивті дегеніміз – жан қалауы мен ми қалауының тоғысуы. Осы екеуі тоғыса, адамның арманы орындалмайды». Тіл үйрену неге қиын деген сауалдың жауабы осы.

– Мен де ағылшын тілінде еркін сөйлесем деп армандадым. Ми қалап тұрса да, жүрек толық қабылдай алмады. Бірінші курста оқып жүргенде «пұт» деген сөзді «пад» деп оқытымын. Сонда курстасымның «сен сөйлемей-ақ қойшы, сен сөйлей алмайсың» деген сөзі мені қамшылап, когнитивті болуға итермеледі. Тіпті ментор дәрежесіне дейін жеткізді.

– Шетелде оқу үш ұйықтасам да түсіме кірген емес. Қиналғаным, ұйқысыз түндерім, айнаның алдын-

бағасы 850 мың теңге болғанын ескерсек, біздің орталық арқылы Еуропаға оқуға барудың тиімді екенін түсінуге болады. Біз 2019 жылдан бері 4 мыңнан астам студент оқытып, қысқа уақыттың ішінде жүздеген талапкердің арманын орындадық.

– Тағы бір ескеретін жайт, жалпы біз қазақтілді балаларға ерекше көңіл бөлеміз. Мәселен, бытыр мектебімізге келген оқушылардың 5%-і ірі қаладан болса, қалған 95% талапкер ауыл балалары болды.

– Түсінікті. Бірақ тіл үйренуді көпшілік қиынсынып жатады. Жалпы шет тілін меңгеру соншалықты қиын ба?

– Шын мәнінде адам баласы кез келген нәрсеге қол жеткізе алады. Мысалды өзімнен келтірейін. Қарағанды ауылдан шыққан қыз үшін шет тілдерін сабақ беру бәрімен бірге, оны біліп өрі сөйлеу айтарлықтай арман еді. Осыдан 10 жыл бұрын ағылшын тілін білмеген түгілі, дұрыс оқи алмадым. Бірақ, іштегі арманды оятып, әрекетке айналып, нәтижеге ұластыру үшін намысты қамшылау керек.

– Кеше ғана Джо Диспенсаның кітабын оқыдым. Ол былай дейді: «Адамдарды когнитивті және когнитивті деп екіге бөлеміз. Когнитивті дегеніміз – жан қалауы мен ми қалауының тоғысуы. Осы екеуі тоғыса, адамның арманы орындалмайды». Тіл үйрену неге қиын деген сауалдың жауабы осы.

– Мен де ағылшын тілінде еркін сөйлесем деп армандадым. Ми қалап тұрса да, жүрек толық қабылдай алмады. Бірінші курста оқып жүргенде «пұт» деген сөзді «пад» деп оқытымын. Сонда курстасымның «сен сөйлемей-ақ қойшы, сен сөйлей алмайсың» деген сөзі мені қамшылап, когнитивті болуға итермеледі. Тіпті ментор дәрежесіне дейін жеткізді.

– Шетелде оқу үш ұйықтасам да түсіме кірген емес. Қиналғаным, ұйқысыз түндерім, айнаның алдын-

да тұрып сөйлемдерді жаттағаным әлі есімде.

– Түсінбесем де кітапты дауыстап оқып, түсінбегенім еңкілдеп жылағаным көз алдымда. Жалпы барлық адамның арманы орындалады. Орындалмайтын арман болмайды. «the impossible is possible» деген сөз бар. Мүмкін емес деген мүмкін емес.

– Бірнеше тілде еркін сөйлеп жүрген ментор-полиглотсыз. Шетелде оқып жүрсіз. Армандар көп шығар...

– Әрине, ең бірінші арманым – адал жар, инабатты-иманды келін болу. Артында саналы ұрпақ қалдыру. Екінші арманым – қазір айналысып жүрген жобаларым. Менің мақсатым – қыз балаларға білім беріп, олардың саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеуіне ықпал ету. Онда Америкаға барып, білімдімің шындап, елге келіп қарақөз қазақ балаларымен соны бөлісу.

– Әлемдік деңгейге шыққым келеді. Сол үшін әлем тілдерін оқып жатырмын. Қазір италиян тілін оқып жатырмын, оны игеріп болып испан тіліне көшемін, солай-солай жалғаса беремін. Қазір шетелге оқуға түсетіндер әртүрлі қызметке, мекемеге жүгіріп жүріп шаршайды. Мен соның бәрін бір нүктеден істейтін ұнамаған жұмысты істеп жүріп, жылап-жылап, «қайтсем де арманымна жетемін» деп, осы күнге жеттім. Елдер мен жайлы «топ етіп аспаннан түсе салды» деп ойлайтын шығар, 4 университет оқуға қабылдамай қойды. Мен қанша жыл университеттерді зерттедім, тіл үйрендім солай арманымна жеттім.

– Ал арманымна жете алмай, сәтсіздікке ұшырап жүргендерге не айтасыз?

– Ондайлар көп. IELTS тестін 4 рет тапсырдым. Қаламаған жерде, ұнамаған жұмысты істеп жүріп, жылап-жылап, «қайтсем де арманымна жетемін» деп, осы күнге жеттім. Елдер мен жайлы «топ етіп аспаннан түсе салды» деп ойлайтын шығар, 4 университет оқуға қабылдамай қойды. Мен қанша жыл университеттерді зерттедім, тіл үйрендім солай арманымна жеттім.

салыстырғанда «адам миы аз қуат тұтығанда кезде де керемет өнімділікке қол жеткізе алады» екен. Жаратушы берген осындай адам миының қасиеттерін инженерлер енді жасанды ми жасауға қолдануды көздеген.

### 93 адам қаза тапты

Мауидегі ауқымды өрттен қаза тапқандар саны 93 адамға жетті, деп хабарлайды BBC News.

Тарихи Лахайна қаласын жойған өрт АҚШ жүз жылдығындағы көп адам қаза тапқан табиғи апат болып отыр. Гавай губернаторы Джозеф Вайттенберг құрбандардың саны «айтарлықтай артуы» мүмкін екенін ескертті, өйткені сот-медициналық сараптама мәйіттердің жеке басын анықтауды жалғастыруда. Жүздеген адам жоғалып кеткендер тізімінде.

Гриннің айтуынша, өрт «Гавай аралдарында бұрын-соңды болмаған ең ауыр табиғи апат. Қазір біздің мақсатымыз – адамдарды табыстырып, оларды тұрғын үйімен және медициналық көмекпен қамтамасыз ету, содан кейін қалпына келтіруге кірісеміз», – деп қосты губернатор.

Өмірде барлық нәрсе біз ойлағандай бола бермейді. Сондықтан барлық нәрсеге дайын болу керек, бір жолы оқуға түсе алмасаңыз, тағы бақ сынап көруге болады.

– Шет мемлекеттерге барғанда қандай жақсы, пайдалы дүниелерге назар аударасыз? Ол жақтан не аласыз?

– Шетте жүріп, ең бірінші Қазақстанның, қазақ халқының, тілінің қадірін түсінесіз. Ой-өрісіңіз кеңейеді. Патриоттығыңыз арта түседі. Бәрі салыстырмалы түрде ғой. Расында да ең қонақжай халық біз екенбіз. Не аласың дегенге келсек, энергия деп айтар едім. Таным-түсік арта түседі. Халқына қарасақ, италиялық әжейдің пәтерінде тұрамын. Жасы сексенге таяп қалса да, үнемі қозғалыста, көңіл-күйі көтеріңкі. Таңғы алтыда тұрып, кешке ерте жатады. Осыны күнделікті өміріме енгіздім. Сол кісі арқылы тілге деген махаббатым оянда.

– Отандық ЖОО-дан ол жақтағы білім мекемелерінің артықшылығы қандай?

– Әрине, артықшылықтар жеткілікті. Бір ғана мысал айтайын, оқытушы-профессорлар құрамы – практиктер. Заң саласын алсақ, дәріс оқытын мұғалім халықаралық даулы мәселелерді шешіп жүрген адвокат болуы мүмкін, журналистика болса, танымал газеттің редакторы болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, ЖОО-да теориядан гөрі практиктерге басымдық берілген. Сосын студенттер өзі үшін оқиды. Оған ешкім «кел, оқи, тапсырманы өткіз» демейді. Бізде бәрі керісінше ғой. Сол үшін де білім сапасы көңіл көншітпейді.

– Сөзіңіз орынды. Рахмет!

Сұхбаттасқан  
Ақтөлеу БТІМБАЙ,  
«Сыр бойы»



### Айдос Сұлтанғали – чемпион

Германияның Дортмунд қаласында өткен грек-рим күресінен «Grand Prix of Germany» халықаралық турнирінде қазақстандық Айдос Сұлтанғали (60 келі) чемпион атанды.

Ел құрамасынан Айдос Сұлтанғали (60 келі) финалда АҚШ балуаны Эльдар Хафизовпен шеберлік байқасты. Қызылорда облысының атынан сыңға түскен балуан қарсыласынан 7:0 есебімен басым түсіп, халықаралық турнирдің жеңімпазы атанды. Ал астаналық Марлан Мұқашев финалда украин Никита Дементьевке есе жіберіп, күміс жүлде иеленді.

Сондай-ақ, шымкенттік Мейрамбек Шермағанбет (67 келі), қарағандылық Ибрагим Мағаматов (72 келі), Алматы облысынан Демей Жадрев (77 келі), шымкенттік Әлімхан Сыдықов (130 келі) қола жүлдегер атанды.

Бұл жарыс – грек-рим күресінен ұлттық құрама бапкері Юрия Мельниченконың тұсаукесер турнирі. Ұлттық құрама Германиядан кейін бірлескен оқу-жаттығу жиынын өткізу мақсатында Әзербайжан еліне аттанады.

### Қызылордалық таэквондошы қола алды

Оңтүстік Кореяда таэквондодан халықаралық турнирде қызылордалық Ботакөз Капанова үздік үштіктен көрінді.

Дүбірлі долада 49 келі салмақта сыңға түскен жерлесіміз жақсы ойын көрсетті. Дегенмен финалға шығудан шет қалып қойды. Оны Н.Курноскин дайындады.

### 2 алтын, 1 күміс

Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында тоғызқұмалақтан Азия чемпионы атанды. Дегенмен финалға шығудан шет қалып қойды. Оны Н.Курноскин дайындады.

Ересектер арасында Ақерке Кенжебекова классика, Ермұхамед Әліайдар рапид түрінде чемпион атанды. Ал жастар арасында Дамир Ахметов рапид түрінде 3-орын иеленді.

### Үстел теннисінен сыңға түсті

Сырдария ауданына қарасты Нағи Глиясов ауылында облыстың 85 жылдығына орай спорт мектептері басшыларының арасында үстел теннисінен өткен облыстық турнир өз мәресіне жетті.

Тартысты өткен жарыс қорытындысымен №12 Сырдария ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Досхан Рахманбердиев жүлделі 1-орын иеленді. Одан кейінгі орындарға Ғ.Мұратбаев атындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Алматы Коздаров, жоғары спорт шеберлігі мектебінің директоры Бағдат Қаленов қол жеткізді.

«СБ» ақпарат